

Б.Е. Батанасова*, М.П. Асылбекова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(Хат-хабарға арналған автор. E-mail: b.ergalieva@mail.ru)*

¹ORCID 0009-0002-8409-3939,²ORCID 0000-0001-7529-8022

Болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту

Мақалада болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту мәселесі мен олардың кәсіби құзыреттілігіне әсері қарастырылған. Зерттеу аясындағы транссауаттылық термині — цифрлық құрылғыларды қолдана отырып, ақпаратпен тиімді жұмыс істеу, оның маңыздылығын түсіну, сенімділігін бағалау мен практикалық тиімді қолдану мүмкіндігімен сипатталады. Алыс-жақынды шетелдік және отандық ғылыми еңбектердегі транссауаттылық мәселесінің зерттелу жағдайы берілген. Авторлар тарапынан болашақ педагог-психологтерге қойылатын заманауи талаптар, ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндіктері, сондай-ақ студенттердің цифрлық кеңістікте әртүрлі ақпарат көздеріне қол жеткізуі үшін транссауаттылықты дамыту қажеттілігі негізделген. Жоғары оқу орнындағы болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығының ағымдағы жағдайын анықтау мақсатында арнайы жасалған сауалнама жүргізіліп, алынған нәтижелері талданды. Зерттеу жұмысындағы транссауаттылықты дамытуға бағытталған инновациялық әдістердің болашақ мамандардың танымдық, коммуникативтік, мотивациялық, сыни ойлау, өзіндік ізденіс пен бағалау деңгейін арттыратындығы сипатталды. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен арнайы сауалнама нәтижелерін саралай келе, болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытуда жобалық оқыту, презентация мүмкіндігі, цифрлық портфолио, ойынға негізделген оқыту сияқты инновациялық әдістер ұсынылды. Бүгінгі ақпарат ағыны мен цифрлық технологиялардың жылдам жаңаруы тұсында студенттердің транссауаттылығын дамыту олардың кәсіби дайындығының маңызды бөлігі бола отырып, педагогикалық және психологиялық ақпаратпен тиімді жұмыс істеуге, цифрлық технологияларды жетік қолдануға мүмкіндіктер ашады. Зерттеу нәтижесінде авторлар болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытуға арналған ұсыныстар береді.

Кілт сөздер: транссауаттылық, болашақ педагог-психолог, құзыреттілік, медиасауаттылық, ақпараттық сауаттылық, цифрлық сауаттылық, инновациялық әдіс, сыни ойлау.

Кіріспе

Бүгінгі қоғамда цифрлық технологиялардың үздіксіз жаңаруы мен ақпарат ағынының ауқымы болашақ мамандардан еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуымен қатар, жаңалықтар мен сын-қатерлерге дайын болуды талап етеді. Мұндай ортада жетістікке жету үшін болашақ мамандар бейімделуге және жаңашылыққа мүмкіндік беретін дағдылар мен құзыреттерге ие болуы керек.

Мамандардың сыни тұрғыдан ойлау, шығармашыл шешім қабылдау, қарым-қатынастағы ынтымақтастық, деректерді тиімді талдау, өзгерістер мен инновацияларға бейімделуі қазіргі таңдағы алдыңғы қатарлы кәсіби қызметте қажет дағдыларға айналып отыр. Ал сұранысқа ие және кәсіби құзыретті маман болу «оқу орны — оқытушы — студенттің» нақты мақсатқа бағытталған, жүйелі, бірізділікпен құрылған қажырлы еңбегінің нәтижесінен көрініс табады.

Болашақ маман өзінің үздіксіз білім алуы негізінде табысты және өз саласының білікті маманы болатынын оқуға түскен күннен ескергені жөн. Өйткені оқу үдерісінде алған білімінің жалғасын өзіндік ізденіс таныту арқылы, заманауи ақпарат көздерімен толықтыра алады.

Бүгінде жоғары оқу орны білікті мамандармен, соңғы цифрлық технологиямен жабдықталған аудиториямен, оқу әдебиеттері, қолжетімді интернетпен және т.б. мүмкіндіктермен студенттің сапалы, еркін білім алуына қажетті бар жағдайлармен қамту үстінде. Ал профессор оқытушы құрамының жаңартылған білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ білім беру үдерісінде оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін тиімді ұштастыра ұйымдастырулары, болашақ маманның еңбек нарығына еркін енуіне бағытталған жұмысының айқын көрінісі.

Осы орайда еліміздегі жоо-ның миссияларын саралай келе, олардың алға қойған мақсат-міндеттері нақты, әрі айқын екенін көруге болады. Келесі 1-суретте алдыңғы қатарлы жоғары оқу

орындарының алға қойған миссияларын қарастырамыз (*ЖОО-ның миссиялары университеттердің ресми сайттарынан алынды):

<p>Еуразия кеңістігіндегі жаңа білім мен инновацияларды қалыптастыру, мемлекет пен қоғамға қызмет ете алатын бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту. (Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ) https://enu.kz/kz/page/university/about-us/fundamental-documents</p>	<p>XXI ғасырдың сын-тегеуріні мен зияткерлік талаптарына жауап беретін жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандардың әлеуетін арттыру, білім, ғылым, бизнес интеграциясы және оқыту-дың инновациялық әдістері есебінен ұлттық және халықаралық беделді кетеру. (Әл-Фараби атындағы ҚҰУ) https://farabi.university/university/about?lang=ru</p>
<p>ЖОО-ң миссиялары</p>	
<p>Біз озық әдістемелер, ұлттық мұра және әлемдік тәсілдер негізінде заманауи білім беру қажеттіліктерін алдын ала болжайтын педагогтерді дайындаймыз. Біз мұғалім мамандығының беделін арттырамыз және адами капиталды дамытудың драйвері боламыз. (Абай атындағы ҚҰПУ) https://kaznpu.kz/kz/2309/page/</p>	<p>Құндылықтарды сақтау, білімді тарату, үздік білім беру тәжірибелері мен зерттеу бағдарламалары негізінде кадрлар даярлау үшін инновациялық тәсілдерді енгізу. (Академик Б.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті) https://buketov.edu.kz/kz/page/dates-facts</p>

1-сурет. Отандық жоғары оқу орындарының миссиялары

Демек, еліміздің қай университетін алып қарасақ та, заманауи инновациялық тәсілдерді игерген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие болашақ мамандарды дайындауды мақсат еткен.

Осы тұрғыда маңызды сұрақтар туындайды: елімізде болашақ мамандар қандай білік, дағдыларды игерулері керек? Құзыреттіліктері қандай болу керек? Оқытудың тәсілдері мен әдістерінің қайсысы тиімді болады? Бұл сұрақтардың жауабы болашақ мамандарды үнемі өзгерістеігі ақпараттық орта жағдайында қажетті дағдылармен қамтамасыз ете алатын білім беру үдерісін ұйымдастырумен қарастырылады.

Бүгінгі ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлана алу үшін болашақ маманға транссауаттылықты дамытудың маңызы зор. Транссауаттылық ұғымы дәстүрлі оқу және жазу сауаттылығынан бөлек, ақпаратты өңдеу, талдау дағдылары мен құзыреттердің кең ауқымын қамтиды. Сонымен қатар, сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты түсіну мен өңдеу, жаңа технологиялар мен контекстерге бейімделу, цифрлық ортада өзара тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін білдіреді. Ал болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту білім беру және психология саласындағы тиімді кәсіби іс-әрекет үшін қажетті нақты дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағытталғандығымен ерекшеленеді.

Болашақ мамандардың транссауаттылығын дамытудың көкейкестілігі қазіргі заманғы білім беру жағдайларына бейімделу және міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін ақпараттық, цифрлық, медиасауаттылықты игеруді қамтиды. Сонымен қатар, жеке және кәсіби ортада сыни тұрғыдан ойлау негізінде оңтайлы шешімдер қабылдауға, білім алушы — ата-аналар — әріптестермен тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап беретін, күрделі және көп қырлы білім беру ортасында табысты жұмыс істей алатын мамандарды даярлау қажеттілігімен өзектілігі артады.

Зерттеудің мақсаты — болашақ педагог-психологтердің білім беру бағдарламасында көрсетілген құзыреттіліктерді ескере отырып, ақпараттық және цифрлық технологиялар мүмкіндіктерімен студенттердің транссауаттылығын дамыту (*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 6В01103 — «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы басшылыққа алынды <https://fss.enu.kz/ru/page/departments/department-of-pedagogics/education-programme>). Білім берудегі транссауаттылыққа негізделген ғылыми еңбектерді зерделей келе, болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытуға арналған кешенді көзқарасты ұсыну.

Мақсатқа жетуде келесі міндеттер қойылды:

- Болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығының ағымдағы жағдайын анықтау.
- Студенттердің транссауаттылығын дамытуда тиімді инновациялық әдістерді ұсыну.
- Болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытуға негізделген оқу бағдарламалары мен оқыту әдістемелеріне ұсыныстар беру.

Осы мақала аясында жүргізілген зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтердің транссауаттылық деңгейінің ағымдағы жағдайын бағалауға және медиасауаттылық, ақпараттық және

цифрлық сауаттылық дағдыларын дамыту арқылы оны жақсартудың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістер мен материалдар

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметі білім беру саласы болғандықтан, маман ретінде мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім, арнайы/түзету, мамандандырылған ұйымдарданда, кәсіби және техникалық білім беру ұйымындағы педагогика және психология оқытушысы лауазымдарына ие бола алады. Маман ретінде игеруі керек әмбебап құзыреттіліктерінде коммуникациялық құралдар мен технологиялардың заманауи қолдану мүмкіндігі қарастырылса, ал кәсіби құзыреттіліктері қатарында білім беру және инновациялық технологияларды қолдану қабілеті кіреді [1]. Осы аталған құзыреттіліктерді игеруде болашақ маманның цифрлық сауаттылығы мен медиасауаттылығын дамыту арқылы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қажетті мәліметтерді сенімді дереккөздерден алу, ақпараттың шынайылығын тексеру, жүйелеу, сыни және шығармашылық ойлауды тиімді жүзеге асыруға болады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, құзыреттілік — оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті ретінде берілген [2].

Ал, педагогикалық сөздікте құзыреттілік — белгілі бір салада іс-әрекетке дайындық деңгейі, дұрыс және тиімді шешімдер қабылдау үшін қажетті білім, іс-әрекет пен тәсілдерін меңгеру дәрежесі ретінде анықталған [3; 41].

Демек, болашақ педагог-психологтердің әмбебап және кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуында транссауаттылықты дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет.

Транссауаттылықты бастапқыда S. Thomas және оның әріптестері зерттеп, транссауаттылық — бұл әртүрлі платформаларда, құралдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында ым-ишара мен ауызша сөйлеуден бастап қолжазба жазуға, баспаға, теледидарға, радио мен киноға, цифрлық әлеуметтік желілерге дейін оқу, жазу және өзара әрекеттесу мүмкіндігі және ол ХХІ ғасырда сауатты болуға деген көзқарасты қамтамасыз ете алатындығымен сипаттаған болатын [4].

F. Alison өз зерттеуінде транссауаттылық — сауаттылықты, ақпараттық сауаттылықты, компьютерлік және цифрлық сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар ауызша, баспа және цифрлық коммуникацияларды, әртүрлі технологияларды, сондай-ақ әлеуметтік және мәдени контекстерді қоса алғанда, коммуникативтік процестердің барлық спектрін біріктіретінін айтса [5], ал A. Karine транссауаттылықты белгілі бір жағдайда бір бұқаралық ақпарат құралын білу ғана емес, сонымен бірге бірінен екіншісіне ауысу мүмкіндігі. Дәл осы икемділік пен ашықтық, транссауаттылыққа оның бірегейлігін беретін ақпараттық немесе медиа эклектикасы тұрғысында қарастырып өтеді [6].

Транссауаттылыққа қатысты тағы бір ұстаным D. Frau-Meigs зерттеулерінен көрініс тауып, автор транссауаттылықты толыққанды енгізу үшін бес негізгі қадамды бөліп көрсетеді:

1. білім берудің барлық деңгейлерінде транссауаттылықтың кешенді бағдарламаларын әзірлеу;
2. мұғалімдер мен кітапханашыларды даярлау;
3. мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарына бағытталған ақпараттандыруды арттыру;
4. зерттеу және оның таралу желісі;
5. халықаралық ынтымақтастық [7].

Ресейлік зерттеушілер И.А. Колесникова сауаттылықтың жана түрлеріне талдау жасай келе, транссауаттылық — ақпарат көздерін біріктіру қабілетінен басқа, сыни тұрғыдан жіктеу, ақпарат сапасын бағалау, қажетті білімді таңдау (қалыптастыру) және оны белгілі бір міндетке біріктіру қабілетін талап ететіндігін атап өтті [8].

И.Ю. Тарханованың ұжымдық монографиясында транссауаттылық (Transliteration) — қолжазба мәтіні, баспа мәтіні, теледидар, радио және кино сияқты белгілер мен ауызша сигналдардан бастап, цифрлық әлеуметтік желілерге дейінгі әртүрлі платформалар, құралдар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оқу, жазу және өзара әрекеттесу қабілеті осылай аталады. Транссауаттылық, ақпарат көздерін біріктіру қабілетінен басқа, сыни тұрғыдан жіктеу, ақпарат сапасын бағалау, қажетті білімді таңдау (қалыптастыру) және оны белгілі бір міндетке біріктіру қабілетін талап етуімен сипаттайды [9; 15].

Отандық зерттеулерде транссауаттылық — медиалық және ақпараттық сауаттылық шеңберінде қалыптастырылатын құзыреттердің синтетикалық сипатын белгілеу үшін медиабілімнің заманауи зерттеулерінде қалыптасатын ұғым ретінде анықталады [10; 235].

Ал медиасауаттылық — медиабілімнің және медианы зерттеудің нәтижесі болып табылатын функционалдық және жүйелі құзыреттіліктердің арнайы жиынтығы [10; 135] болса, ақпараттық сауаттылық — ақпаратты ақпарат көздерінен іздестіру, талдау мен ақпарат шынайылығын тексеру, сұрыптау, өңдеу, талдамалы нәтиже шығару және тиімді қолдану мүмкіндігі ретінде қарастырылады [11; 9]. Цифрлық сауаттылық — цифрлық құралдар мен технологияларды, интернет ресурстарды қауіпсіз және тиімді қолдану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығымен түсіндіріледі [11; 121].

Демек, транссауаттылық қазіргі ақпараттық қоғамда қажет дағдылар мен білімнің кең спектрін ашып, дәстүрлі оқу және жазу қабілетімен байланысты сауаттылықты сипаттай келе, ақпараттың әртүрлі түрлерімен тиімді қарым-қатынас жасауды, цифрлық технологияларды қолдануды және әртүрлі әлеуметтік-мәдени контекстерді түсіну мен бейімделуді қамтитынын аңғардық. Бұл термин бүгінгі тез өзгертін ақпараттық ортаға жылдам бейімделу және өмір бойы оқуға белсенді қатысу қажеттілігін көрсетеді.

Осылайша алыс-жақынды шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді зерделей келе, транссауаттылық ХХІ ғасырдағы әлеуметтік-мәдени, цифрландыру, ақпарат, коммуникация және бұқаралық ақпарат құралдары ұсынатын жаңа білімдер мен қазіргі қоғамда табысты жұмыс істеу үшін қажетті басқа аспектілерді қамтитын сауаттылық деп тұжырымдаймыз.

Бүгінгі күні болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту арқылы, дағдылар мен білімдер жиынтығын қамтитын кәсіби қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік туады. Осы орайда, болашақ маманның медиасауаттылығы мен ақпараттық сауаттылығын дамыту арқылы, соңғы тенденциялар мен білім беру трендтерінен хабардар болуға болады. Ал цифрлық сауаттылықты дамыту нәтижесінде цифрлық құралдарды пайдалана отырып, онлайн-ресурстармен тиімді жұмыс істеу мүмкіндігі туады. Транссауаттылық болашақ педагог-психологтің кәсіби құзыреттілігін дамытуда тікелей әсер етіп, оның білім беру ортасының заманауи талаптарына сәтті бейімделуін қамтамасыз етеді.

Зерттеу тақырыбы аясындағы ғылыми еңбектерге талдау жасай келе, транссауаттылық мәселесі шетелдік жұмыстарда кездескенімен, отандық тәжірибеде медиабілім, ақпараттық және цифрлық сауаттылыққа арналған зерттеулерде жеке қарастырылғаны, ал жалпы транссауаттылықты дамыту туралы зерттеулердің аздығын аңғартты. Ал қазіргі қоғамның кәсіби мамандарды дайындау деңгейіне қоятын талаптарының өсуі мен түлектердің құзыреттілік деңгейі арасындағы қарама-қайшылықтарды ескеріп, бұл болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту мүмкіндіктерін анықтау керек екендігіне әкеледі.

Нәтижелер және оларды талдау


Зерттеу барысында болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығының ағымдағы деңгейін анықтау үшін 6В01101 — «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасында оқитын студенттер арасында арнайы сауалнама жүргізілді. «Студенттердің транссауаттылық деңгейі» атты сауалнамасы құралып, Google Forms — деректерді жинау, онлайн тестілеуге мүмкіндік беретін онлайн құрал қолданылды. Сауалнамаға сілтеме: <https://forms.gle/PFdTEY3CS41YH6ih6>

Сауалнамаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жалпы саны 46 студенті қатысты. Сауалнамада арнайы құрылған сұрақтар қатары қамтылып, транссауаттылықтың негізгі аспектілерін қарастырады. Сұрақтар медиасауаттылық, цифрлық және ақпараттық сауаттылықтың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде ақпаратты іздеу, талдау, пайдалану және құру қабілеттерін бағалауға бағытталған. Сонымен қатар цифрлық құрылғыларды пайдалану қабілетіне, ақпараттық қауіпсіздік деңгейіне және ақпаратқа деген қызығушылық аймағын анықтауға арналған сұрақтар бар. Сауалнама нәтижесі 1-кестеде ұсынылған.

Студенттерге жүргізілген сауалнама нәтижелері

Сұрақтар	белгілеу	Деңгейлері					
		Жоғары		Орташа		Төмен	
		%	Саны	%	Саны	%	Саны
«Транссауаттылық» терминін білу деңгейі	A	19,56%	9	67,4%	26	13,04%	11
Медиасауаттылық, ақпараттық сауаттылық, цифрлық сауаттылық ұғымдарының айырмашылықтарын білу деңгейі	B	26,08%	11	58,7%	28	15,22%	7
Электронды кітапхана және онлайн деректер қорымен жұмыс істеу деңгейі	C	41,31%	19	50%	23	8,69%	4
Проектор, интерактивті тақта, компьютердік құрылғылар мен офистік бағдарламаларды (Word, Excel, PowerPoint, Access) қолдану деңгейі	D	21,73%	10	71,74%	33	6,53%	3
Мультимедиялық контентпен (сурет, видео, аудио, графика, мәтін, презентация) жұмыс жасай білу деңгейі	E	19,56%	9	52,18%	24	28,26%	13
Оқу бағдарламасының медиасауаттылық, ақпараттық сауаттылық, цифрлық сауаттылық деңгейін дамытуға арналған пәндермен қамтылуы	F	17,39%	8	56,53%	26	26,08%	12

Келесі 2-суретте студенттерге жүргізілген сауалнаманың 6 сұрағы бойынша нәтижелердің диаграммасы берілген.



2-сурет. Сауалнама бойынша алынған нәтижелердің диаграммасы

Алынған жауаптарды талдау нәтижесіне сәйкес, студенттердің транссауаттылық терминімен таныстығы (67,4%) және медиасауаттылық, ақпараттық сауаттылық, цифрлық сауаттылық ұғымдарының өзара айырмашылығын (58,7%) ажырата алулары орташа деңгейде екендігін, яғни жалпы терминдер туралы түсінік болғанымен, сенімділікпен ажырата алмайтындықтарын көрсетті.

Күнделікті оқу тапсырмаларына дайындалу үшін алдымен қандай көздерден ақпаратты алатынын анықтау сұрағына: Google, Яндекс және т.б. іздеу жүйелерінен 47,8% (22 студент), университеттік кітапханадан 26% (12 студент), жеке өзінің кітапханасынан, яғни өзінің жинастырған әдебиеттерінен 17,4 % (8 студент), ал қалалық кітапханадан барып ізденетіндер 8,7 % (4 студент) құрады. Демек, білім алушылардың басым бөлігі ақпарат іздеуде интернеттегі деректерге жүгінетіндігін байқадық. Бұл тұста студенттерге кітапханадағы әдебиеттермен жұмыс істеу керектігін, ондағы мәлімет ауқымының кеңдігін дәріптеу маңызды.

Ал студенттердің электронды кітапхана және онлайн деректер қорымен жұмыс істеу деңгейін анықтау барысында 50% (23 студент) жеткілікті дәрежеде, 41,31% (19 студент) жетік білетінін, ал 8,69% (4 студент) қолданудағы қиындықтарын белгілеген. Яғни, студенттердің көпшілігінің онлайн ресурстарды қолдануда өздеріне деген сенімділіктерін байқаймыз.

Интернет кеңістігіндегі ақпараттың сенімділігі мен шанайылығын тексеруге байланысты студенттердің 32,6% (15 студент) бастапқы дереккөзді іздейтіндіктерін, ал 41,3% (19 студент) сайттың беделіне сенетіндіктерін, қалған 26,1% (12 студент) ақпаратты тексермейтіндіктерін көрсеткен. Бұл ақпаратқа деген сыни көзқарастың жеткіліксіз деңгейін білдіріп, студенттердің сенімді ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын дамудың қажеттілігін ашады.

Студенттердің цифрлық сауаттылық деңгейін анықтауға арналған проектор, интерактивті тақта, компьютердік құрылғылардың қолданысы мен офистік бағдарламаларды (Word, Excel, PowerPoint, Access) қолдану деңгейін 71,74% (33 студент) жеткілікті дәреже қолдана аламыз десе, 21,73% (10 студент) жетік білетінін, 6,53% (3 студент) қолданудағы қиындықтарын жазған. Ал, мультимедиялық контентпен, яғни сурет, видео, аудио, графика, презентациямен жұмыс жасай білу деңгейлері бойынша 52,18% (24 студент) жеткілікті дәрежеде, 19,56% (9 студент) өте жақсы білетінін, 28,26% (13 студент) жұмыс барысында қиындықтар туындайтынын көрсеткен. Кәсіби қызметте цифрлық сауаттылықтың қажеттілігін ескере келе, студенттерде бұл құзыреттілікті жоғары деңгейге көтеру маңызды.

Ал 3-суретте студенттерге жүргізілген сауалнаманың «Сізді бұқаралық ақпарат құралдарынан қандай тақырыптар көбірек қызықтырады» сұрағы бойынша нәтижелердің диаграммасы берілген.



3-сурет. Сауалнама бойынша алынған нәтижелердің диаграммасы

Бұл жерде көріп тұрғанымыздай, студенттердің 30,43% (14 студент) білім, ғылым және танымдық материалдарға қызықса, 28,26% (13 студент) әр түрлі тақырыптарға қызығатынын, 23,91% (11 студент) ойын-сауықтық, көңіл көтеру материалдары тартымды екенін, ал саяси және спорт тақырыбын 8,7% (4 студент) қамтыған. Студенттердің қызығушылықтарының жан-жақтылығына орай бұқаралық ақпарат көздерінен алатын ақпараттың әр қырлылығы байқалады.

Оқу орнында медиасауаттылық, ақпараттық сауаттылық, цифрлық сауаттылықты дамытуға негізделген оқу пәндерінің үлес салмағын 56,53% (26 студент) жеткілікті дәрежеде десе, 17,39% (8 студент) жоғары, ал 26,08% (12 студент) төмен деп көрсетті. Бүгінгі қоғамдағы транссауаттылықтың өзектілігін ескере, медиасауаттылық, ақпараттық және цифрлық сауаттылықты дамытуға бағытталған оқу пәндерінің үлес салмағының арттыру маңыздылығы артады.

Күнделікті интернетті қолдануда ақпараттық қауіпсіздік пен цифрлық гигиенаны сақтау деңгейіне арналған соңғы сұрақта 58,7% (27 студент) аса мән бермейтіндіктерін, 30,43% (14 студент) қауіпсіздік шараларын сақтайтынын, ал 10,87% (5 студент) жоқ деген жауап берді. Бүгінгі интернет кеңістікте алаяқтық пен кибербуллингтің қауіпі бар уақытта, болашақ мамандарға қауіпсіздік дағдыларын дамыту қажеттілігі туындайды.

Жалпы сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің транссауаттылығының орташа деңгейінің басым екенін көруге болады. Сондай-ақ, анықталған қиындықтар қатары уақытша сипатқа ие деген ойдамыз. Өйткені болашақ мамандардың транссауаттылығын дамытуда жүйелі түрде жұмыстарды ұйымдастыру арқылы жоғары нәтижеге жетуге болатыны анық.

Қарастырып отырған жұмысымыздың бүгінгі күнгі зерттелу деңгейі мен студенттерден алынған сауалнама нәтижелерін талдай келе, алып отырған зерттеу аймағымыздың өзектілігін нақтылап, кешенді зерттеуді ұйымдастыруды қажет ететінін көрдік.

Жаңа цифрлық технологиялармен қатар өсіп келе жатқан білім алушылардың транссауаттылықтарын дамыту, өмірлік және кәсіби қызметтерінде жігерлік береді. Себебі, қажетті ақпаратты сенімді дерекөзден жылдам іздеп табу, ақпаратты ұтымды пайдалану, сыни ойлау мен шығармашылық таныту, кәсіби қызметін жүйелі ұйымдастыру және т.б. болашақ маманның біліктілігінің көрсеткіші. Ал мұндай маман қашан да сұранысқа ие болатыны айғақ.

Студенттердің транссауаттылығын дамытуды тиімді ұйымдастыруда инновациялық әдістерді қолдануға болады. Себебі инновациялық әдістер студенттің танымдық, коммуникативті, жеке іс-әрекетін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Сонымен қатар, болашақ мамандардың транссауаттылықтарын дамытуда инновациялық әдістердің мүмкіндіктері: мотивация беру мен өзіндің бағалаудың жоғарылауы, сыни ойлау арқылы мәселені шешудің ерекше жолдары, жұмсақ дағдыларды дамыту, білімді бағалаудың әртүрлілігі, әр білім алушының белсенді қатысушыға айналдыруымен ерекшеленеді.

Болашақ мамандардың транссауаттылықтарын дамытуда инновациялық әдістердің бірі жобалық оқытуды қарастырсақ болады. Жобалық оқыту кезінде студенттер нақты мәселені анықтап, оның шешімін табуда ақпарат көздерін қолданып, нәтиже шығаруға әрекеттенеді. Сондай-ақ, зерттеу, сыни тұрғыдан ойлау, мәселелерді шешу және өзара ынтымақтастық сияқты дағдыларды дамытуға, механикалық есте сақтаудан гөрі өз білімдерін қолдану арқылы тәжірибе жинақтауға бағытталған.

Сабақта көрнекілік ретінде Prezi, Canva, Ppslides, Genial.ly және т.б. көмегімен презентация құрау мүмкіндігі. Студенттердің презентация жасаулары арқылы ақпаратты визуализациялауға, зейінді шоғырландыруға, мультимедиялық элементтерді қолдануға және ақпараттарды іздеу, талдау, жүйелеу дағдыларын дамытуға болады.

Студенттердің транссауаттылығын дамытуда цифрлық портфолио әдісін қолдану қажеттілігі бар. Цифрлық портфолио әдісі студенттің пән, арнайы тақырып немесе терминдер бойынша жинастырған ақпараттарынан, сондай-ақ студенттің өзінің жеке нәтижелері мен жетістіктерін қамтуы мүмкін. Бұл әдіс студенттердің білімін жүйелеуге және бағалауға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың өзін-өзі көрсету, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамытуға және сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Студенттердің онлайн портфолио жасаулары арқылы цифрлық сауаттылығын дамытуда Google Сайт, Uportfolio.ru, 4portfolio.ru және т.б. сайттарын қолдануға болады.

Ойынға негізделген оқыту әдісін қолдануда студенттердің қызығушылығын ояту, жеңіске жетуде бәсекелестік, мотивацияны арттыру стратегиялары жүзеге асады. Онлайн қолданылатын Joyteka, Gimkit, Quizlet, Socrative, Mentimeter және т.б. сияқты ойындық платформалар студенттердің цифрлық сауаттылығын дамытуға да әсері бар. Сонымен қатар, студенттерден өтілген пәнді пысықтауда және қорытынды бақылауларда да осы онлайн платформаларды қолдануға болады.

Осылайша, студенттердің транссауаттылығын дамытуда инновациялық әдістер: ақпаратпен белсенді жұмыс жасауда, ұжымдық зерттеу-жобалық жұмыстарда, заманауи технологияларды қолдануда, коммуникативті қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады.

Зерттеу жұмысын пысықтай келе, болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытуды жүзеге асыру мақсатында келесідей ұсыныстарды қарастырамыз:

- білім беру бағдарламаларының таңдау пәндер қатарына медиасауаттылық, ақпараттық және цифрлық сауаттылықты дамытуға негізделген пәндерді қосу. Ол медиапедагогика және медиапсихология, цифрлық педагогика, киберпедагогика, IT-педагогика және т.б. пәндерді қамтуы мүмкін;
- инновациялық әдістерді қолдану арқылы студенттердің ақпаратпен, онлайн платформалармен жұмыс істеу, өзіндік ізденіс, толеранттылық және оқу ортасын неғұрлым динамикалық және тартымды ету мүмкіндігі;
- проектор, интерактивті тақталарды, онлайн ресурстарды, электрондық оқу материалдарын және цифрлық сауаттылыққа ықпал ететін басқа да құралдарды пайдалану арқылы білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды интеграциялау;
- психологиялық тренингке арналған видео-ролик қарауда, сабақ барысында диагностика әдістерін онлайн өтіп машықтануда, білім беру ресурстарынан теориялық білімдерін жетілдіруде бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану;
- студенттердің интернет кеңістікте еркін бағдарлануына, өз бетінше оқып-ізденуге және өзін-өзі жүзеге асыруға қолдау көрсету.

Қорытынды

Тақырып аясындағы зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытудың бүгінгі күндегі маңыздылығын көрсетті.

Соңғы онжылдықтарда технологиялық прогресс білім беру саласына өзгерістер әкеліп, болашақ педагог-психологтердің үздіксіз білім алу мен бейімделуге дайын болуы керек екенін растады. Транссауаттылықты дамыту қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық ортамен оңтайлы өзара іс-әрекетті қамтамасыз етіп, болашақ мамандардың кәсіби даярлығының ажырамас бөлігіне айналды.

Болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту үшін оқу бағдарламаларын жаңартуды, студенттерге ақпаратпен жұмыс істеудің заманауи жолдарын оқытуды, олардың сыни ойлауын, аналитикалық дағдыларын арттыруды қамтитын кешенді әдістерді жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу, олардың сенімділігі мен өзектілігін бағалау дағдыларын, цифрлық ортадағы қауіпсіздік шаралары ұстануды дамыту керек.

Қорытындылай келе, болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту — олардың кәсіби дайындығы мен табысты жұмысында шешуші рөл атқарып, қазіргі қоғамның сын-қатерлерімен тиімді күресуге және келер ұрпақ үшін жақсы болашақты қамтамасыз етуге қабілетті білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Педагогика және психология білім беру бағдарламасы. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://enu.kz/ru/page/education%2Feducational-programs%2Fbachelor-course>
- 2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>
- 3 Педагогический словарь: учеб. пос. / В.И. Загвязинский, А.Ф. Закирова и др. — М.: Изд. центр «Академия», 2008. — 352 с.
- 4 Thomas S. Transliteracy: Crossing divides / S. Thomas, C. Joseph, J. Laccetti, B. Mason, S. Mills, S. Perril, K. Pullinger // First Monday. — 2007. — Vol. 12 (12). <https://doi.org/10.5210/firstmonday.v12i12.2060>
- 5 Alison F. Transliteracy in Complex Information Environment / F. Alison // Journal of the Australian Library and Information Association. — 2019. — 68(3). — P. 314–315. <https://doi.org/10.1080/24750158.2019.1649626>
- 6 Aillerie K. Teenagers' information practices in academic settings: What relevance for a transliteracy-based approach? / K. Aillerie // Journal of Librarianship & Information Science. — 2019. — 51(3). — P. 737–745. <https://doi.org/10.1177/0961000617742463>
- 7 Frau-Meigs D. Transliteracy as the new research horizon for media and information literacy / D. Frau-Meigs // Medijske studije (Media Studies). — 2012. — 3(6). — P. 14–27. <https://hrcaak.srce.hr/ojs/index.php/medijske-studije/article/view/6064>
- 8 Колесникова И.А. Новая грамотность и новая неграмотность двадцать первого столетия / И.А. Колесникова // Непрерывное образование: XXI век. — 2013. — № 2. — С. 109–122. <http://lib21.petsu.ru/journal/article.php?id=2091>
- 9 Тарханова И.Ю. Формирование функциональной грамотности школьников: Новые дидактические решения: колл. моногр. / И.Ю. Тарханова, Е.В. Александрова, Н.В. Анискина, Ж.К. Гапонова. — Ярославль: РИО ЯГПУ, 2021. — 307 с.
- 10 Медиа и информационная грамотность: русско-казахский словарь-справочник = Медиа және ақпараттық сауаттылық: орысша-қазақша анықтамалық сөздік / сост.: Л.С. Ахметова, А.В. Вережкин, А.А. Кудабай, Т.Ю. Лифанова, Д.П. Шорохов. — Алматы: Қазақ университеті, 2019. — 280 с.
- 11 Желілік коммуникативтік мәдениет пен цифрлық этикет бойынша терминологиялық сөздік / құраст.: П.Б. Сейітқазы, М.П. Асылбекова, Т.С. Сламбекова, Ж.Т. Сулейменова, Н.А. Ырымбаева. — Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2023. — 137 б.

Б.Е. Батанасова, М.П. Асылбекова

Развитие трансграмотности будущих педагогов-психологов

В статье рассмотрена проблема развития трансграмотности будущих педагогов-психологов и ее влияние на профессиональную компетентность. Термин «трансграмотность» в рамках исследования характеризуется способностью эффективно работать с информацией с использованием цифровых устройств, понимать ее значимость, оценивать надежность и применять на практике. Авторами представлен обзор проблемы трансграмотности в зарубежных и отечественных научных трудах. Они обосновывают современные требования к будущим педагогам-психологам, возможности применения информационных и цифровых технологий, а также необходимость развития трансграмотности для обеспечения

печения доступа студентов к различным источникам информации в цифровом пространстве. С целью определения текущего состояния трансграмотности будущих педагогов-психологов в вузе был проведен специальный опрос. Описано, что инновационные методы, направленные на развитие трансграмотности в исследовательской работе, повышают уровень познавательного, коммуникативного и критического мышления, а также способствуют самостоятельному поиску и оценке информации будущими специалистами. Проанализировав результаты научно-методической литературы и опроса, авторы предложили такие инновационные методы, как проектное обучение, возможность презентаций, цифровое портфолио и игровое обучение для развития трансграмотности будущих педагогов-психологов. Развитие трансграмотности студентов на фоне современного информационного потока и быстрого обновления цифровых технологий является важной частью их профессиональной подготовки и обеспечивает возможность эффективно работать с педагогической и психологической информацией, а также в совершенстве использовать цифровые технологии. В результате исследования авторы формулируют рекомендации по развитию трансграмотности будущих педагогов-психологов.

Ключевые слова: трансграмотность, будущий педагог-психолог, компетентность, медиаграмотность, информационная грамотность, цифровая грамотность, инновационный метод, критическое мышление.

B.E. Batanasyova, M.P. Asylbekova

The development of the transliteracy of future educational-psychologists

In the article the development of transliteracy among future educators and psychologists and its impact on professional competence was explored. The term “transliteracy” in this research is characterized by the ability to effectively work with information using digital devices, understand its significance, assess reliability, and apply it in practice. The article presents an overview of the issue of transliteracy in both foreign and domestic scientific literature. The authors highlight the modern requirements for future educators and psychologists, the application of information and digital technologies, and the need to develop transliteracy to ensure students can access various information sources in the digital space. To assess the current state of transliteracy among university students, a special survey was conducted and analyzed. Innovative methods aimed at developing transliteracy in research work are shown to enhance cognitive, communicative, and critical thinking skills, fostering independent information search and evaluation. Based on their findings, the authors recommend innovative approaches such as project-based learning, presentation opportunities, digital portfolios, and game-based learning to enhance transliteracy among future educators and psychologists. The results of the study let the authors give recommendations for the development of transliteracy of future educational-psychologists.

Keywords: transliteracy, future educational-psychologist, competence, media literacy, information literacy, digital literacy, innovative method, critical thinking.

References

- 1 Pedagogika zhane psikhologiya bilim beru bagdarlamasy [Educational Program of pedagogy and psychology]. Retrieved from <https://enu.kz/ru/page/education%2Feducational-programs%2Fbachelor-course> [in Kazakh].
- 2 Qazaqstan Respublikasy Gylım zhane zhogary bilim ministrinin 2022 zhylygı 20 shildedegi No 2 buirygymen «Zhogary zhane zhogary oqu ornynan keingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarty» [By order of the minister of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan dated July 20, 2022 No. 2 “State mandatory standard of Higher and postgraduate education”]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916> [in Kazakh].
- 3 Zagviyazinskii, V.I., Zakirova, A.F., & Strokova, T.A. (2008). *Pedagogicheskiı slovar: uchebnoe posobie [Pedagogical dictionary: a textbook]*. Moscow: Izdatelskii tsentr «Akademiia» [in Russian].
- 4 Thomas, S., Joseph, C., Laccetti, J., Mason, B., Mills, S., Perril, S., & Pullinger, K. (2007). Transliteracy: Crossing divides. *First Monday*, 12(12). <https://doi.org/10.5210/fin.v12i12.2060>
- 5 Alison, F. (2019). Transliteracy in Complex Information Environment. *Journal of the Australian Library and Information Association*, 68(3), 314–315. <https://doi.org/10.1080/24750158.2019.1649626>
- 6 Aillerie, K. (2019) Teenagers’ information practices in academic settings: What relevance for a transliteracy-based approach? *Journal of Librarianship & Information Science*, 51(3), 737–745. <https://doi.org/10.1177/0961000617742463>
- 7 Frau-Meigs, D. (2012). Transliteracy as the new research horizon for media and information literacy. *Medijske studije (Media Studies)*, 3(6), 14–27. <https://hrcak.srce.hr/ojs/index.php/medijske-studije/article/view/6064>
- 8 Kolesnikova, I.A. (2013). Novaia gramotnost i novaia negramotnost dvadtsat pervogo stoletia [The new literacy and the new illiteracy of the twenty-first century]. *Nepreryvnoe obrazovanie: XXI vek — Continuing education: the 21st century*, 2, 109–122. <http://il121.petrsu.ru/journal/article.php?id=2091> [in Russian].

9 Tarkhanova, I.Yu., Aleksandrova, E.V., Aniskina, N.V., & Gaponova, Zh.K. (2021). *Formirovanie funktsionalnoi gramotnosti shkolnikov: Nove didakticheskie resheniia: kollektivnaia monografiia* [Formation of functional literacy of schoolchildren: New didactic solutions: a collective monograph]. Yaroslavl: RIO YAGPU [in Russian].

10 Akhmetova, L.S., Verevkin, A.V., Kudabai, A.A., Lifanova, T.Yu., & Shorokhov, D.P. (Comp.). (2019). *Media i informatsionnaia gramotnost: rusko-kazakhskii slovar-spravochnik = Media zhane aqparattyq sauattylyq; oryssh-qazaqsha anyqmamalyq sozdik* [Media and information literacy: Russian-Kazakh dictionary-reference]. Almaty: Qazaq University [in Kazakh, in Russian].

11 Seiitkazy, P.B., Asylbekova, M.P., Slambekova, T.S, Suleimenova, Zh.T., & Yrymbaeva, N.A. (Comp.). (2023). *Zhelilik kommunikativtik madeniet pen tsifirlyq etiket boynsha terminologiyalyq sozdik* [Terminological dictionary on Network communicative culture and digital etiquette]. Astana: «Bulatov A.ZH.» ZhK [in Kazakh].

Information about the authors

Batanasova, B.Y. — 3rd-year doctoral student of the educational program 8D01801 — Pedagogy and psychology of the L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: ergalievna@mail.ru; ORCID ID: 0009-0002-8409-3939

Asylbekova, M.P. — Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru; ORCID ID: 0000-0001-7529-8022